


Жалпы тіл кемістігі

- 
- Қазіргі уақытта статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, жылдан жылға сөйлеу тіл кемістігі бар балалар саны және логопедиялық көмекті қажет ететін балалардың пайызы өсуде.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Н.Назарбаев




- Жалпы тіл кемістігі – есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әр түрлі тіл кемістіктері. Жалпы тіл кемістігін дефектология ғылыми зерттеу институтының Р.Е.Левина бастаған ғылыми қызметкерлер (Н.А.Никашкина, Г.А.Каше, Л.Ф.Спирова, Г.И.Жаренкова және т.б.) 50-60 жылдары мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тіл кемістіктерін жан-жақты зерттеулердің қорытындысының нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Дыбыстарды бұзып айтуын, фонематикалық есту қабілетінің дамуы, сөздік қоры мен грамматикалық сөйлем құрлысының артта қалуы жалпы сөйлеу тілі дамыған балалардың барлығына тән кемшілік. Жалпы сөйлеу тілінің дамуы алалия, афазия, ринология, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологияларының түрінде байқалуы мүмкін.



афазия

ринолалия




- Баланың сөйлеу тілі патологиясының негізгі себептері:
- 1) әртүрлі ішқұрсақ патологиясы іштегі нәрестенің дамуына зиянын тигізеді, сөйлеу тілінің ең ауыр кемістіктері іштегі нәрестенің 4 апталық пен 4 айлық аралығындағы дамуының бұзылуынан пайда болады. Іштегі нәрестенің дамуының бұзылуына анасының ауыр аяқ жүрген кезіндегі токсикоз, вирусты және эндокринді аурулар, жарақаттар, резус-фактор бойынша қанның сыйымсыздығы және басқалар әсер етуі мүмкін.
- 2) босану кезіндегі жарақаттану және босану кезіндегі асфиксия (оттектің жетіспеуі);
- 3) өмірінің алғашқы жылдарындағы әртүрлі аурулар;
- 4) бас сүйегінің жарақаттануы;
- 5) тұқым қуалаушылық факторлары;
- 6) әлеуметтік тұрмыстық жағдайларының қолайсыздығы;

- Сонымен сөйлеу тілінің дамуы мен оның бұзылуын түзету және сақтандыру -логопедиялық ықпал жасау барысының негізгі бағыты болып есептеледі. Жиі кездесетін күрделі сөйлеу тіл кемістігін түзету үшін арнайы мамандардың кешенді көмегі қажет. Сол үшін баланы жан-жақты, толық тексеру керек. Бұл туралы К.Д.Ушинскийдің айтуы бойынша: «Егер педагогика адамды барлық қарым-қатынаста тәрбиелегісі келсе, онда оны барлық қарым-қатынастық жағдайда жан-жақты зерттеуі қажет» деген.

- Тіл кемістіктерінің себебі сыртқы және ішкі зиянды күштері, себептері (факторлары) немесе екеуінің бірдей организмге әсер етуі деп түсінеміз.
- Сөйлеу тілін меңгеру әр балада әр түрлі кезеңде және әр түрлі уақытта өтеді. Бұл әр түрлі себептерге байланысты жеке үдіріс. Сөйлеу тілінің дамуының кешеуілденің себептері: жүктіліктің кезіндегі және туған кезіндегі патология, генетикалық себептердің ықпалы, есту мүшесінің зақымдануы, баланың психикалық дамуындағы жалпы артта қалуы, әлеуметтік депривацияның себептері (депривация-тәрбие мен қарым-қатынастың жеткіліксіздігі)

- Кез келген жаста сөйлеу тілінің бұзылуы танымдық іс- әрекеттің және адамның әлеуметтік бейімделу мүмкіншелігін шектейді. Бұл баланың жалпы жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Оның зияткерлік дамуы және мінез құлқының сипаттамасы жас шамасына жиі сай келмейді, ұжымдағы құрбы құрдастарымен қарым қатынасы қиындайды.



● Назарларыңызға
рахмет!